



Стратегиялық объектілерді иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 293 қаулысы

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "КазТрансГаз Аймақ" акционерлік қоғамына осы қаулыға қосымшада көрсетілген стратегиялық объектілерді "Интергаз Орталық Азия" акционерлік қоғамының пайдасына иеліктен шығару жөнінде мәміле жасасуға рұқсат етілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

O. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 17 сәуірдегі
№ 293 қаулысына
қосымша

"КазТрансГаз Аймақ" акционерлік қоғамының иеліктен шығаруға рұқсат етілетін стратегиялық объектілерінің тізбесі

P/c №	Стратегиялық объект	Объектінің мекенжайы (орналасқан жері)	Мүкеммалдық нөмірі
----------	---------------------	--	--------------------

1	2	3	4
1	"Кордай" АГТС автоматтандырылған газ тарату станциясы (кадастрық нөмірі 06-090-001-1448)	Жамбыл облысы Кордай ауданының Кордай ауыл округі, "Интергаз Орталық Азия" АҚ жерлерінен	TP0004332
2	"Кызылорда" АГТС-2 автоматтандырылған газ тарату станциясы (кадастрық нөмірі 10-156-064-360)	Кызылорда облысының Кызылорда қаласы	K30003287
3	"Кызылорда" редуциялау торабы (ГРТ) (кадастрық нөмірі 10-153 -018-3423)	Кызылорда облысының Сырдария ауданы	K30003285
4	"Арал" АГТС автоматтандырылған газ тарату станциясы (кадастрық нөмірі 10-147-050-895)	Кызылорда облысы Арал ауданының жерлері	000273997

5	"Байқоңыр" АГТС автоматтандырылған газ тарату станциясы (кадастрық нөмірі 10-151-000-000)	Кызылорда облысы Қармақшы ауданының Байқоңыр қаласы	000271103
6	"Әйтеке би" АГТС автоматтандырылған газ тарату станциясы (кадастрық нөмірі 10-150-005-1721)	Кызылорда облысының Қазалы ауданы Қазалы ауданының жерлері	000273247
7	"Жаңақорған" АГТС автоматтандырылған газ тарату станциясы (кадастрық нөмірі 10-149-040-1818)	Кызылорда облысының Жаңақорған ауданы	K30003378
8	"Түркістан" АГТС-15 автоматтандырылған газ тарату станциясы (кадастрық нөмірі 19-307-174-004)	Түркістан облысының Түркістан қаласындағы 174-орамның 004- учаскесі.	ШМ0074984
9	"Шиелі" АГТС автоматтандырылған газ тарату станциясы (кадастрық нөмірі 10-154-028-830)	Кызылорда облысының Шиелі ауданы	000272076

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК